

Көліктегі қарастырылған жағдайлардың мәндерін анықтаудың туралы

## *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы әкімиятының қаулысы. 2002 жылғы 6 тамыздағы N 431. Шығыс Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 26 қарашада N 965 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының әкімдігінің 2009 жылғы 19 мамырдағы N 624 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының  
әкімдігінің 2009.05.19 N 624 каулысымен

Апаптылықты төмендету, көлік кешені жұмысының қауіпсіздігін жоғарылату, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі іс-қимылын үйлестіру бойынша ұсыныстар жасау мақсатында қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қалалық комиссия 1-косымшаға сәйкес күрылсын.

2. Көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қалалық комиссия туралы  
ереже 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Өкімдіктің осы қаулысының атқарылуын бақылау қала әкімінің орынбасары К. Е. Төлесбаевка жүктелсін.

4. Комиссияның дербес құрамы қалалық мәслихат сессиясының бекітуіне  
ең ғаиләлсін.

5. Қала әкімінің 2000 жылғы 2 қыркүйектегі N 568 шешімнің күші жойылды д е п т а н ы л с ы н

6. 2002 жылғы 2 шілдедегі N 356 шешімнің күші жойылсын.

Кала әкімі

2002 жылғы  
N 431  
1 қосымша

К а л а                    ә к і м дігінің  
6                            тамыздасы  
                              қаулысына

## **Көліктегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қалалық комиссияның ҚҰРАМЫ**

Төлесбаев Қанатжан Есентайұлы	қала әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы
Садықов Серғазы Мауконұлы	төтенше жағдайлар жөніндегі қалалық басқарманың бастығы, төрағаның орынбасары
Бақтолов Әдіс Әндишкеев	қала әкімі апаратының коммуналдық шаруашылық және тұрғын үйлерді есепке алу бөлімінің бас маманы, хатшы
Әкімбеков Болат Рымгалиұлы	өнеркәсіп, көлік және байланыс комитетінің бастығы
Балтабай Ербол Лұқпанұлы	білім және жастар басқармасының бастығы міндетін атқарушы
Бергенев Төлеш Садуақасұлы	N 26 жол-пайдалану участкесінің бастығы
Ершов Александр Анатольевич	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бастығы
Есенғожинов Нұртөлеу Маянұлы	"Семейавиа" ААҚ президенті (келісімі бойынша)
Жұмагұлов Ғали Мерғазыұлы	жол полициясы бөлімшесінің бастығы
Құсайынов Талғат Ақашұлы	Семей аймағы бойынша төтенше жағдайлардың алдын алу және жою және тау-кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекцияның бастығы
Қажығұлов Аспан Қайыртайұлы	"Қазақстан Темір Жолы" РМК Семей тасымалдау бөлімшесінің бастығы
Макашев Аскар Қайырулұ	денсаулық сактау басқармасы бастығының орынбасары
Рахымбаев Ғылымбек Төлеубайұлы	N 25 жол-пайдалану участкесінің бастығы
Тынықин Диас Леонович	көлік құралдары жүргізушілері қалалық одағының директоры (келісімі бойынша)

## *Аппарат басшысы*

К а л а

2002

N

2 қосымша

ЖЫЛҒЫ

6

## Э К і М Д і Г і Н і Ц

## т а м ы з д а ф ы

Қ а у л ы с ы н а

# **Көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қалалық комиссия туралы**

## **ЕРЕЖЕ**

1. Көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қалалық комиссия (бұдан әрі - комиссия) қалалық басқармалар мен комитеттердің, жергілікті атқарушы органдардың, менишік нысандарына қатыссыз шаруашылық жүргізуші

субъектілердің, ғылыми, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз етуге; тиісті мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды жасауға және іске асыруға; осы мақсаттарға бөлінетін қаржыны тиімді пайдалануға байланысты мәселелер жөніндегі іс-қимылын үйлестіру бойынша ұсыныстар жасауға арналған қалалық консультативтік-кеңесші орган болып

т а б ы л а д ы .

2. Комиссия өз қызметін:

1) көлікте апаттылық себептерін зерделеу және талдау және қозғалыс қауіпсіздігін жүзеге асыру жөніндегі ұсынымдарды жасау;

2) басымдықтарды анықтау және көлікте апаттылықты төмендету жөніндегі мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды, жобалар мен іс-шараларды жасауға және іске асыруға жәрдемдесу;

3) ғылыми-техникалық әлеуетті, материалдық-техникалық ресурстар мен бюджеттен бөлінген күрделі қаржыларды дамытуға және қала мен елді мекендердің көшелер желісінде қозғалысында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басымдықты бағыттарына шоғырландыру, жылжымалы құрамның техникалық сипаттамаларын жақсарту, көлік құралдары жүргізушилерінің кәсіптік деңгейін жоғарылату, жол полициясы қызметкерлері мен көлік құралдарының жүргізушилерін жол - көлік оқиғаларында зардал шеккендерге бастапқы медициналық көмек көрсетуге оқыту;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық және нормативтік актілеріне көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеуге қатысу;

5) басқармалар мен комитеттердің, жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуши субъектілердің және қоғамдық бірлестіктердің көліктегі оқиғалардың алдын алу мәселелері жөніндегі жұмыс тәжірибесін зерделеу, осы жұмыстағы оң тәжірибелі тарату;

6) қалалық басқармалар мен комитеттердің, жергілікті атқарушы органдардың, шаруашылық жүргізуши субъектілердің және қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын талдау және көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарды жасау;

7) жергілікті, ведомстволық қызметтер мен қоғамдық бірлестіктердің көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне жәрдемдесу және көмек көрсету;

8) халықтың барлық жастағы топтарын Жол қозғалысы ережелеріне оқытуға, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жол қозғалысы қауіпсіздігі жөніндегі білімді таратуға жәрдемдесу;

9) көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шет елдердің алдыңғы қатарлы тәжірибесін зерделеу, көлікте қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етудің

халықаралық ұйымдық тетіктерін енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу - бағыттары бойынша жүзеге асырады.

3. Комиссия мыналарға құқылы:

1) басқармалар мен комитеттерден, селолық округтер мен кенттер әкімдерінен, шаруашылық жүргізуші субъектілерден олардың көліктे қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қызметтің көрсететін мәліметтерді алұға;

2) басқармаларды, комитеттерді, меншік нысандарына қатыссыз кәсіпорындар мен ұйымдарды көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша тексерулер жүргізуді ұйымдастыруға;

3) өз мәжілістерінде көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша басқармалар мен комитеттер бастықтарының баяндамалары мен есептерін түндадауға;

4) басқармалар мен комитеттерге, селолық округтер мен кенттер әкімдеріне, кәсіпорындар мен ұйымдарға ведомствоның бағыныстағы көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз етпеген басшыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуға;

5) тиісті басқармалар мен комитеттер басшыларының, селолық округтер мен кенттер әкімдерінің, кәсіпорындар мен ұйымдардың келісімі бойынша білікті мамандарды көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты мәселелер бойынша материалдар әзірлеуге қатысу, сондай-ақ басқармалар мен комитеттердің, селолық округтер мен кенттер әкімдерінің, кәсіпорындар мен ұйымдардың осы мәселелер жөніндегі Үкімет қаулыларын, қала әкімінің және комиссияның шешімдерін орындаудың зерделеу және талдау үшін тартуға құқылы.

4. Комиссия өз жұмысын комиссия төрағасы бекіткен жоспарға сәйкес жүргізеді. Комиссия мәжілістері тоқсанына бір реттен сиретпей откізіледі. Комиссия шешімдері хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

5. Комиссия жұмысын ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді қала әкімінің аппараты жүзеге асырады.

6. Көлікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі комиссия қала әкімдігі жанындағы тұрақты орган болып табылады, ол комиссияның құрамын белгілейді және бекітеді.

### Аппарат басшысы